

Түлкі, аю және қойшы

Халық ертегісі

Бір қойшы қой бағып жүрсе, бір түлкіні бір аю қуып келеді екен. Түлкі бір тамға кіреді, Аю да тамға кіремін дегенде тар тесігіне кеудесі сыйып, бөксесі сыймай қалады. Ал, түлкі болса басқа бір тесігінен жылт етіп шығып, айналып есікке жақындайды. Есіктен не әрі, не бері шыға алмай ілініп жатқан аюды түлкі әжуалап, күліп кетеді. Оны қойшы көріп тұрады. Аю әрең дегенде қайта шығып, жан-жағына қарайды. Болған жайды бақылап тұрған қойшыны көреді. Қойшыға жақындап келіп:

— Е, қойшы, сен не көрдің? — деп ақырады. Қорқып кеткен қойшы:

— Ойбай, мен ештеңе көрмедім, — деп жауап береді.

— Жарайды. Көргеніңді айтсаң — өлесің! — деп аю кетіп қалады.

Кешке ауылына келген соң, қойшы көргенін кездескен адамдардың бәріне айтады. Ауылдағы бала-шаға осы оқиғаны өлең қылып айтып күліп жүреді. Мұны естіп, ыза болған аю қой жайып жүрген қойшыны іздеп табады.

— Ештеңе көрмедім, ешкімге айтпаймын деген уәдең қайда? Енді сөзіңде тұрмағаның үшін мен сені жеймін, — дейді аю.

— Үш күнге рұқсат бер, үй-ішіммен, ағайын-туғанмен қоштасып келейін, — деп қойшы сұранады.

— Жарайды. Үш күнге рұқсат берейін, — деп аю кетіп қалады. Қойшы екі күн үй-ішімен, ағайын-туғанымен қоштасып, уәделескен уақытына бір күн қалғанда далада жылап отырса, қасына әлгі түлкі келеді.

— Е, Қойшым, неге жылап отырсың? — деп түлкі сұрайды.

— Ойбай, осылай да, осылай, бәрі сенің кесірің. Енді өлетін болдым! — деп жауап береді қойшы.

— Е, үндеме, мен саған көмектесейін, аюдан қалай құтылудың амалын табыяын. Ал, сен маған не бересің? — дейді түлкі.

Қойшы қуанып:

— Ойбай, не қаласаң, соны берейін! — деп жауап береді.

— Егер мен сені аюдан құтқарсам, сен маған өзіңнің бір бүйрегіңді бересің бе? — дейді түлкі қулана.


Қойшы қатты сасады, бірақ басқа амалы болмағандықтан:

— Мейлі, берейін, — деп келіседі.

Сонда түлкі:

— Ауылыңа барып, демал. Ертең осы жерге кел де, аюды күт. Аю келгенде анау жерде шаңды бұрқыратып мен жүрейін. Аю сұрар: "Анау неткен шаң?" — деп, сонда сен: "Ол — ханның баласы. Әйелі аюдың жүрегіне жерік





болып, соны іздеп жүр" де. Аю қорыққанынан қашып кетер, – дейді. Екеуі уәделесіп, түлкі кетеді. Келесі күні қойшы аюмен кездеседі. Аю алыстан бұрқылдаған шаңды көреді.

Аю:

– Қойшым, анау бұрқылдаған не шаң? – деп сұрайды.

– Ол ханның баласының шаңы. Әйелі аюдың жүрегіне жерік болып, соны іздеп жүр! – дейді қойшы.

– Ойбай, қойшым, онда мен тезірек қашайын! Тек сен мені көргеніңді айтпа, – деп, қаша жөнеледі.

Осыны алыстан байқап, күліп тұрған түлкі аю қаша жөнелісімен қойшының қасына келіп:

– Қойшым, мен саған көмектестім, енді сен уәдеңде тұр. Маған бір бүйрегіңді бер, – дейді.

Қойшы қипықтап, жыламсырап белбеуін шешеді. Осы кезде үш күн бойы жөнді ұйықтай алмаған, жөнді тамақ ішпеген қойшының іші шұрылдайды. Түлкі құлағын тіге қойып:

– О не қыңсылаған? – деп сұрайды.

Сол арада қойшы:

– Түнеу күні бір тазының күшігін жұтқан едім. Сол енді үлкен тазы болып, ішімнен шығайын деп, қыңсылап жатыр, депті. Түлкі қорқып:

– Ойбай, қойшым, ендеше дос болайық. Тазы шығып кетпесін, – деп қаша жөнеліпті.

Міне, түлкіден қулық үйренген Қойшы басына туған ауыртпалықтан осылай құтылыпты.

